

МУРАТБАЕВ NEWS



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, "Мой Независимый Казахстан", "Тәуелсіздік - ел тілегі" аты салтанатты лездеме өткізілді.

"Білім беру процессін цифрлық трансформациялау: жасанды интеллект мүмкіндіктері" атты семинар өтті.

"Білім беру процессін цифрлық трансформациялау: жасанды интеллект мүмкіндіктері"

2024 жылдың 16 желтоқсан гимназиямызда эксперимент алаңының жылдық жоспарына сәйкес маңызды семинар өтті. Жасанды интеллект құралдарын білім беру процесінде пайдалану жолдары талқыланып, жаңа технологиялардың мұғалімдер мен оқушыларға қалай көмектесе алатыны көрсетілді.

Негізгі тақырыптар:

- Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөлі
- Оқыту мен бағалауды автоматтандыру құралдары
- Қауіпсіздік пен деректердің құпиялылығы

Семинар қатысушылары теориялық білім алып қана қоймай, практикалық тәжірибемен бөлісіп, жаңа идеялармен шабыттанды. Білім беру саласын цифрлық трансформациялау жолында бір қадам алға жылжыдық!



Жас мамандар декадасы

2024 жылдың 2 желтоқсан күні Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында «Жас мамандар декадасы» іс-шарасының аясында «Іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research): зерттеу мәселесі мен сұрағын негіздеу» тақырыбында семинар-коучинг өткізілді.

Семинар-коучинг барысында мектептің жас мамандары оқу мен оқытуды жақсарту мақсатында зерттеудің жолдарымен танысып, тәжірибе алмасты. Тәжірибені жетілдіру жұмысын жоспарлауды меңгерді.



Дарынды оқушыларды құттықтау лездемесі

2024 жылдың 2 желтоқсан күні мектебімізде ерекше күн өтті! Біз талантты, еңбекқор және шығармашыл оқушыларымызды лайықты марапаттап, олардың жетістіктерін бүкіл мектеп болып құттықтадық.

Бұл оқушыларымыз – білім мен өнерде, спорт пен шығармашылықта мектебіміздің мақтанышы! Олардың табыстары ата-аналарының, мұғалімдерінің және өз еңбектерінің жемісі. Әрбір жетістік – үлкен еңбектің және төгілген тердің нәтижесі.

Дарынды оқушыларымызға алғысымыз шексіз! Олар болашақта еліміздің жарқын болашағын қалыптастыратын көшбасшылар екеніне сенімдіміз. Марапат алған оқушыларға шын жүректен құттықтауымызды жеткіземіз!



Кезектен тыс педагогикалық кеңес

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 02 желтоқсан күні «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (МЖМБС) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жобаны мектепшілік талқылау мақсатында кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізілді.

Кезектен тыс педагогикалық кеңесте гимназия директоры А.Кайпулдаев, директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары С.Рамазанов МЖМБС-на енгізілетін негізгі өзгерістер мен толықтырулар туралы қолданыстағы стандартпен салыстыра отырып ақпарат берді.

Стандарт жобасына енгізіліп жатқан өзгерістерге сай педагогтердің кәсіби біліктілігін дамыту бойынша жұмыстардың жобасы ұсынылды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ кеңес ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында гимназиямызда құқықтық кеңес отырысы өткізілді. Гимназия директоры Арыстанбек Қалыбекұлы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологі қатуысуымен “Құқықтық кеңес” отырысы өтті.

Күн тәртібінде:

-Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ұлдар мен қыздар жиналыстары

-Буллинг пен кибербуллингің алдын алу мақсатында шаралар ұйымдастыру

-Оқу - тәрбиесіне байланысты мектепішілік есепке қою

Құқықтық кеңес отырысын қорытындылай отыра оқушыларға құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында жобалық жұмыстар арқылы қалыптастыру.



"Әншуақ" ән фестивалі

"Әншуақ" балалар әндерінің республикалық фестивалінің жобасында Ғ.Мұратбаев атындағы гимназиясының бастауыш сыныптар арасында "Тәуелсіздік күні" патриоттық әндер байқауы болып өтті. Байқауда дарынды кішкентай бүлдіршіндер жоғары дәрежеде өнер көрсетті, атап өткенде:

Бас жүлде 3 сынып оқушысы Сагидулла Алтынай

1 орын Әділбек Аяру

2 орын Халидова Севилия

3 орын Жақсылық Айзере иеленді.

Қалған белсенді қатысушылар Алғыс хатпен марапатталды.



«Үздік оқырман» кітап оқу жарысы

2024 жылдың 11 желтоқсанында гимназимыздың 8 сынып ата - аналары арасында “Балалар кітапханасы” жобасы аясында «Үздік оқырман» кітап оқу жарысы өткізді.

11-беттік кітап электронды нұсқада ұсынылды. Қатысушы ата-аналарға кітаптан 20 сұрақ беріліп, тест нәтижелері дайын болғанша кітаптың мазмұнын талқылау жүргізіледі.

Жеңімпаздар жүлделі орындармен марапатталды.



“Балалар кітапханасы” жобасы

«Золушка» тақырыбындағы “Балалар кітапханасы” жобасы аясында мақсаты – қызғаныш, қатыгездік, әділеттілік, төзімділік және қиындықтарды жеңу сияқты мәселелерді талқылау болды. Оқушылар ертегінің кейіпкерлерінің мінез-құлқына талдау жасап, олардың әрекеттерін бағалап, шынайы өмірмен байланыстарын анықтады. Интерактивті тапсырмалар мен талқылаулар арқылы балалар жақсылық, төзімділік және әділеттілікке сену қиындықтарды жеңуге көмектесетінін түсінді. Сабақ балалардың моральдық қасиеттерін дамытуға және топ ішіндегі ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті.



Жаңа жылдық сый: Токсеитов А.Т. кәсіпкерлігінің мейірімділік шарасы



Жаңа жыл қарсаңында аз қамтылған отбасындағы оқушылар мен үйде оқытылатын оқушыларға демеуші “Токсеитов А.Т.” жеке кәсіпкерлігі тәтілермен толтырылған сыйлықтар ұсынды. Бұл шара балаларға қуаныш сыйлап, олардың мерекелік көңіл-күйлерін көтерді. Мұндай қолдау балалардың білім алуға деген ынтасын арттырып,

жаңа жылды ерекше қуанышпен қарсы алуға мүмкіндік берді. Бұл игі бастама қоғамдағы қамқорлық пен мейірімділіктің маңызды көрінісі болып табылады. Оқушыларымыз жаңа жыл мерекесін сезініп, жақсы көңіл-күймен қарсы алуына үлесін қосқан “Токсеитов А.Т.” жеке кәсіпкерлігіне алғыс білдіреміз

“Ұстаз” фильмі тамашаланды

2024 жылдың 30 желтоқсанында гимназиямызда Ерлан Ұшақпаевтың “Ұстаз” фильмі көрсетілді, ұстаз есімі мәртебелі және абыройлы, қазіргі заманға сай жаңашыл – қоғам айнасы. Әбу Насыр әл-Фараби: «Ұстаз өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген, және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, жаны таза және әділ, жұртқа үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін ержүрек болуы керек» – деген екен.



«Оқуға кұштар мектеп» рубрикасы

Музыкальный звук трубы не походил на резкое звучание паровой сирены, а веселый возглас совсем не напоминал крика о помощи утопающего. Это было что-то новое, неизвестное. Бальтазар поднялся; ему казалось, будто сразу посвежело. Он подошел к борту и зорко оглядел гладь океана. Безлюдье. Тишина. Бальтазар толкнул ногой лежащего на палубе индейца и, когда тот поднялся, тихо сказал:

— Кричит. Это, наверно, он.

— Я не слышу, — так же тихо ответил индеец-гурона, стоя на коленях и прислушиваясь. И вдруг тишину вновь нарушил звук трубы и крик:

— А-а!..

Гурона, услышав этот звук, пригнулся, как под ударом бича.

— Да, это, наверно, он, — сказал гурона, лязгая от страха зубами.



А.Беляев. «Человек - амфибия»